

«LauRus» балабақша гимназия

Тақырыбы: " Шахмат ойыны-балалар әлемінде"

Шахмат үйірме пәнінің мұғалімі: А.С. Карабасова

2024-2025 оқу жылы

Бекітемін: *Андрей* 04.11.2024 ж.
Әдіскер: *Д. Айтжанов*
Күні: 04.11-07.11.2024ж

Тақырыбы: " Шахмат ойыны-балалар әлемінде"

Мақсаты: Балалардың интеллектуалдық ойлауы мен танымдық қасиеттерін дамыту мақсатында, Шахмат ойынының пайда болуы туралы қызықты аңызбен танысу арқылы балалар шахмат ойынына қызығушылығы артады және ойлау қабілеті дамиды.

Міндеттері:

- ✓ Шахмат ойынына қажетті ресурстар, ойын құралдарын, жоспарын дайындау;
- ✓ Мектепалды жастағы балалардың шахматқа қызығушылығын арттыру;
- ✓ Шахмат фигуралары, ойын ережелерімен таныстыру;
- ✓ Балалардың логикасын дамыту, сыни ойлауға жетелеу;
- ✓ 5-6 жастағы балаларды шахмат ойынының теориясы мен тәжірбиесі негіздерін үрету.

Күтілетін нәтиже:

- Шахмат ойынына қажетті ресурстар дайындалды, материалдық база нығайтылды;

Мұғалім: Сәлеметсіздерме балалар! Бүгінгі «Шахмат ойыны-балалар әлемінде, атты ашық сабағымызға қош келдіңіздер! Балалар ендеше сабағымызды бастамас бұрын қайталап жіберейік.

Мұғалім: Бұл Шахматтың несі?

Балалар: Тақтасы

Мұғалім: Шахматта қанша фигура бар?

Балалар:

32 фигурадан тұрады-16 қара және 16 ақ. Шахмат ойынын екі адам ойнайды, олардың әрқайсысы фигуралардың алты түрін алады:

♔ / ♚ — бір корольді (патша) ең маңызды фигура.

♕ / ♛ — бір ферзьді (уәзір) патшаның оң қолы, ең күшті фигура.

♖ / ♜ — екі ладьяны (тура) — Ферзьден кейінгі күшті фигура.

♘ / ♞ — екі пілді (піл) — атпен күші бірдей фигура.

♙ / ♜ — екі атты (ат) — басқа фигураларды аттап өте алатын бірден-бір фигура

♟ / ♞ — сегіз пешканы (пешка) — ең әлсіз ойыншы.

Мұғалім: Фигуралар атын білемізбе?

Жарайсыздар енді алдымызда тұрған Шахмат тақтасын ашып ,әрбір фигураны орнына орналастырамыз.Әрбір баланы қадағалау,ендеше фигура жүрістерін көрсетейікші.

Король (падишах) шахмат ойынындағы ең маңызды және ең әлсіз фигура. Оның маңыздылығы тақта үстіндегі айқас тек осы фигура үшін өтеді.Король тақта үстінде кез-келген бағытта бір шаршыға ғана жүре алады. Сонымен қатар жүріс жасауға болатын бір шаршыдағы қорғансыз фигураларды жей алады.

Пілдер тек диагональ бағытта жүреді яғни, қиғаш бір ойыншыда екі түрлі піл болады,олар тұрған орнына қарай біреуі тек ақ шаршымен,екіншісі тек қара шаршымен қиғаш жүреді

Ладья (тура) -ойындағы жүрісі ең оңай фигура. Ол шаршылардың тіке және көлденең қатарларымен жүреді және осы жүріс тәртібімен жей алады.

Ферзь (уәзір) - тақта үстіндегі ең күшті фигура. Ферзь ойында барлық бағытқа жүре алады және барлық бағытпен жей алады.

Ат – жүрісі ең күрделі фигура. Ат жолындағы кез-келген фигураның үстінен секіріп өте алады,тек оның түсетін жері бос болса болды. Ат өзі тұрған орнын санамағандаекі шаршы ілгері,бір шаршы оңға н/е солға жүреді. Аттың жүрісі кәдімгі “Г” әрпі тәріздес. Тек олардың көпшілігі теріс,көлденең,қиғаш түскен. Ат дәл осы жүріс ережесімен жейді.

Пешкі –шахмат ойынындағы ең қарапайым фигура. Пешкі алғашқы орнында тұрып ойыншының еркіне қарай бірден екі шаршыға,қалған уақытта тек бір шаршыға ғана жүре алады. Пешкі ойын барысында тек вертикаль бойымен жүреді,диагональ яғни, қиғаш келген де ғана жей алады. Ойын барысында пешкіер жай жүру н/е жеу арқылы қарсы жақтың соңғы горизонталіне жететін болса,ойыншы еркіне қарай корольден басқа кез-келген фигураға ауыса алады

Орнымыздан қайталап болсақ балалар,қараңдаршы мен сіздерге жерге Шахмат тақтасын орналастырып қойдым,барлығымыз орнымыздан тұрып,
Үстерімізде қандай кейім сол бойынша орналасып тұра салайық,аяғымызбен жүріп жерде орналасқан фигулардын жүрісін көрсетейік.

Мұғалім:Осымен біздер не үйрендік?

Балалар: Фигура  атауын,жүрісін,қалай жүретінің үйрендік.

Жарайсыздар балалар енді біздер қалай Шахмат ойнау керек екенің үйренетін боламыз,осымен ашық сабақ өз мәресіне жетті, сабақ аяқталды сау болыңыздар!